

Үрімші қаласындағы (Қытай Халық Республикасы) жылжымайтын мүлікті Қазақстан Республикасының меншігіне сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 қыркүйектегі N 967 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Үрімші қаласындағы (Қытай Халық Республикасы) Паспорттық-визалық қызметінің персоналын әкімшілік және тұрғынжай орналастыру үшін Қазақстан Республикасының меншігіне Үрімші қаласы, Куньмин көшесі, N 31 мекен-жай бойынша орналасқан ауданы 300 шаршы метр ғимараттың бір бөлігін (бұдан әрі - ғимараттың бір бөлігі) сатып алу туралы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынысы қабыл алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2003 жылға арналған республикалық бюджетте "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шет елдерде жылжымайтын мүлік сатып алу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен ғимараттың бір бөлігін сатып алуға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақы төленетін күнге белгілеген бағам бойынша 25000 (жиырма бес мың) АҚШ долларына баламалы сомада ақы төлеуді заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі